



“ТҰРАН РОМАНТИЗМІ” СТИЛІ – ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ӨЗІНДІК ЖОЛЫ

МРНТИ 11.25.41

Ж. Берістен ¹,

¹Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
Алматы, Қазақстан

"ТҰРАН РОМАНТИЗМІ" СТИЛІ – ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ӨЗІНДІК ЖОЛЫ

Аңдатпа

Көркемөнердегі романтизм бағыты ұлттық жаңғыру мен өнердегі ойларға сілкініс беретін бағыттардың бірі. Ұлттық өнердің жаңғыруында мәдени мұраны пайдалану, жасампаздығын көрсету қазіргі қоғам мен өнердегі негізгі мәселе. Романтик суретшілер біздің рухани және интеллектуалдық потенциалымыз. Мақала прогресшілдік пен рухани мұраны ұштастыруды, өзіндік жаңа формада көрсетуге мақсат ету туралы жазылған.

Тірек сөздер: романтизм, Тұран, форма, ұлттық өнер, жаңғыру, көркемөнер, прогрес, интеллектуал, рухани, бағыт, стиль.

Кіріспе

Әрбір ұлттық мектеп мәдениетті зерттеудің өзіндік жолын іздеу үстінде. Тұрандық өркениеттің мәдени динамикасы, ұзақ дамуда ұлттық мектептерге бөлшектеніп, енді қайта бірігудің қажеттілігі әлі сезіне қойған жоқ. Тек саяси парадигмалар тұрғысынан сезінгенмен мәдени аспектілер қалыс қалып тұр.

Тәуелсіздік алған уақыт біз ойлағаннан әлдеқайда күрделі болып шықты. Еліміздің байлығы халқымызға

жететінінен, бәсекеге қабілетті биікке көтерілген экономикасы баршамызды жарылқайтыны күрессіз болмайтыны әбден түсіндік. Капиталистік қоғамға енуіміз қара күштердің гүлдеуіне әкелді. Адамдар екіге бөлінді. «Махаббат» пен «ғадауат», «періштелер» мен «хайуандықтың» майданы жүруде. Ортада ешкім қалмады. Дін қорғай ма деген сенім басқа діни секталарды қойып исламның ішінде қарама-қайшылыққа кез болып, қазақ руханиятын тікелей іштей іріте бастады. Ұлттық спорт, музыка мен айтыс

өнерінде діни фанатизмнің араласуы басталды.

Ұлы Абай реформашыл, жәдидшіл еді. Сол көзқараспен қазақ санасын ұлы көшке бұрды. Ал оны түсіндіретін ғылымға бүгінгі құлдық сана қарсы. Бұл мысал біздің дүниетанымдағы ұлы тақырыптың бірі ғана. Ал қазіргі уақытта түрлі өнердегі бағыттарда бұл көзқарастардың қақтығысына айналып отыр. Осы салдарлар бізге романтизм идеяларын көтеру керек екенін алға тартуда. Романтизм де басқа стильдер сияқты қоғамдық құрылыс талабына сай дүркін-дүркін қайталана беретін құбылыс. Ол Еурапаға ғана тиесілі емес, барлық халықтардың тарихи дамуының алдынан шығатын құбылыс. Бірақ бірін-бірі қайталамайтын құбылыс болып тарихқа енеді.

Әдістер

Бүгінгі өмір ол өткен тарихтың, сол кездегі жобалар мен күрестің жемісі. Ал ертеңгі өмір бүгінгі уақыттың күресі және жоба мен идеяларының нәтижесі болмақ. Қазіргі уақыт лайланған ағынды өзен сияқты. Ал таза су ішу үшін ағыстың басына бару керек. Сонда ғана Тұран өркениетінің, ұлт өркеиетінің тұнық бастауына, шыңырау тереңінен, шырқау биігіне шыға аламыз. Біздің Романтизмнің эстетикасының талабы да осы. Біз әлемді рухани екі полюске бөліп сеземіз, солай бейнелейміз. Сонда ғана біз өткен тарихтың ойлауының себепкері боламыз. Біздің Ұлы тарихымыз Көне континент Модэны есептемегенде Еуразия даласының Аркаимнан басталып бүкіл әлемге сәуле шашқанын ешкім жоққа шығара алмайды. Әлемде бірінші болып металлургияны игергенінен бастасақ бұл – адамзаттағы ең ұлы тарихтан орын алады. Тұран туралы көзқарастардың бастауында ең ұлысы да ақыны Мағжан Жұмабайдың

дүниетанымы. Тұран өркениетінің феномен екенін дәлелдеу үшін күрес жүруде. Барлық ғалымдар сезгенмен дәледеуге әлі уақыт керек.

Болашақта бүкіл Тұран жұрты Еуразия кеңістігіндегі өзара ықпалдасып бірігетініміз анық. Сондықтан біз таңдаған бағыт "Тұран романтизмі" деп аталады. Үңги, үңіле түсіп терең ұғыну үшін, бүгінгі өнерге белсенді романтизм жолы – ең керекті жол. Романтизм түсінген адамға күрделі де жан-жақты құбылыс және өнердің көркемдік аясының кеңеюіне ықпал етуге қабілетті.

Мынау дүбірлі де дүйім дүниенің өзі романтизм ұғымына ықпал ете алады. Кешегі Патшалық Ресейдің қирауының басы мен Кеңес Одағының қирауының алды азаттықтың қозғаушысы болғандығына тарихымыз үшін біз мақтана аламыз. Ерлік тақырыбы, тұлға тақырыбы, тарих жолындағы түрлі өткелдер кезеңі, уақыттың рух тақырыбы, өткен мен келешек кеңістігі бізге негіз. Этникалық феномендер: ұлт тұлғалары, ұлы оқиғалар бәрі біздің тақырыбымыз болу керек. Қазіргі суретшілерде тақырып жоқ. Шындық осы. Көркемөнердегі Романтизм бағыты ұлттық жаңғыру мен өнердегі ойларға сілкініс беретін бағыттардың бірі. Ұлттық өнердің жаңғыруында мәдени мұраны пайдалану, жасампаздығын көрсету қазіргі қоғам мен өнердегі негізгі мәселе. Романтик суретшілер біздің рухани және интеллектуалдық потенциалымыз. Прогресшілдік пен рухани мұраны ұштастыруды өздерімізге жаңа формада көрсетуге мақсат етеміз. Қазақтың "Тұран романтизмі" осы мақсатқа жұмылдыруы тиіс. Белсенді көзқарастар арқылы өнердегі форма мен санаға сілкініс керек.

Оны жасайтын рухы мықты, көзқарасы анық зиялы суреткер ғана жасайды. Қазіргі уақыт – интеллектуал суретшілерге зәру. Бір адамның идеясы мәдениет

болмайды, оны көпшілік жасайды. Мәдениет ешқашан өз-өзінен дамымайды. Даму үшін мистикалық субстанция қызметі де, заңда керек емес.

Өнерде қазіргі уақыттағыдай жүйесіздік орын алғанда тек романтизм ғана жол таба алады. Бізді тығырықтан шығаратын жол осы романтизм. Осы арқылы ғана болмыс, мәнділік, трансценденттілік ұғымдары өзінің мәнін алға шығарады. Ұлы идея мен идеалдарды керек етеді.

Нәтижелер

Ал, стиль – идеялық-этикалық, қоғамдық-тарихи мазмұн бірлігіне сәйкестендірілген бейнелеу жүйесінің, көркем түрде суреттеу құралдары мен әдістерінің тарихи қалыптасқан жалпы тұтастығы. Тұран романтизмі арқылы мұндай бірлікке белгілі бір шығармашылық тәсіл негізінде қол жеткізе аламыз. Осы арқылы қоғамның әлеуметтік және экономикалық жағдайы, халықтың өзіне тән ерекшеліктері мен салт - дәстүрлері көрініс таба алады.

Біз үшін стиль «Танымды бейнелеудің көркемдік мұраты» деп қысқа да, нұсқа тұжырым айтамыз. Бұл жерде «таным» - философиялық, ал «көркемдік мұрат» - эстетикалық категория [1].

Таным жеке көзқарастың қорытылуы болғандықтан, кез-келген шығармашылық негізгі мәселеде көркем түрде шешіледі. Таным дегеніміздің өзі жай ғана абстракция емес, ол – нақтылық, көптеген пайымдаулардың, ой қорытулар синтезінің нәтижесі. Ол - ойлаудың өте жоғарғы дамыған формасы. Ал шығармашылық - адамзат қызметінің жоғары формасы екені белгілі. Ол жоғары интеллектінің, жүректің шабытты шалқуының нақты көрсетілетін сипаты. Ал осыны басқарудың жоғары деңгейі сана мен таным болып табылады.

Көркемдік мұрат өзінің сан-

салалы сипатымен, мазмұнымен, суреткердің шығармашылық қиялымен, шеберлігімен игеріліп жасалады. Танымы жоқ, көзқарасы жоқ шығармашылықта еш қолтаңба болмайды. Біздің көркемдік мұратымыз "Тұран романтизмін" зерттеу мен қайта жаңғырту.

Кез-келген шығарма көркемдік әдіс арқылы нұрланып, дараланса мұның бәрі түптің түбінде стильдің ішіне кіретін компоненттер. Белгілі бір тұрақты қайталанып отыратын ерекшеліктер үстемдігі - шын мәнінде көркемдік мұратқа кіретін құрылым ғана. Шығармашылықтың негізгі мәселесі де қалыптасқан стандартты емес міндеттерді жаңаша шешу, оның күрделі құрылымын эстетикалық жаңа биікте, жаңа формада табу.

Біз бірден романтикалық танымды іске асыру барысында эстетикалық үлгіге кіреміз. Ойлау шығармашылық кезінде идеалды үлгіге айналады. Үлгі жасау мен ой бейнесін көрсету - шығармашылықтың негізі. Ол-мұрат, көркемдік мұрат, эстетикалық ой-сана. Көркемдік мұрат танымдық әрекеттің нәтижесі.

Форма – ол ойды бейнелеудегі сыртқы көрініс. Ол - адам адам болғалы дүниетануда, өнерге ұмтылудан бері жасап, үнемі жетілдірумен келеді. Ал көркемдік мұрат танымды бейнелеудің ерекше бір формасы болып табылады. Сондықтан осының бәрі шығармашылық ізденудің жемісі. Жеке адамның ұстаған көркемдік принциптері, бірігіп топтық стилдің ерекшелігін көрсетеді. Бұл ағымдар жеке индивидтердің қолтаңбасы арқылы сараланып, көркемдік әдіс-тәсілдер арқылы жалпылама көркемдік мақсатқа жұмсалады. Стильдің тууы үшін белгілі бір ағымда көркем бітім мен идеялық мазмұн арасында жаңаша қатынас қалыптасқан кезде ғана жүзеге асады. Өзіндік стиль - ол сол эстетикалық

талғамға сай өзінше пайдаланып дамыту жүйесі. Сондықтан жеке шығармашылықтағы стиль - ең алдымен, шеберлік мәселесі ол әркімге тіреледі.

Шығармашылық адамзат қызметінің жоғары мақсаты болса, жоғары зерденің нақты бағытталған сана сипатын көргіміз келеді. Сондықтан интеллектісі жоғары суретшілерді біріктіру қажеттілігі туындайды. Кез-келген көркемдік шығармашылықта көркемдік мұратты басқарудың жоғары деңгейі болып сана мен таным болып табылады. Танымның міндеті - көркем мұратты, оның күрделі құрылымдық мәселелерін шешу үшін қалыптасқан. Сондықтан таным шығармашылықта жетекші рөл атқарады деуге болады. Ол үшін өнердегі - «мазмұн» мен «форма» ұғымдарын біріктіру керек. Өнердің эстетикалық көрінісі танымның маңыздылық жемісі. Яғни, дүние көркемдік тұрғыда танылып, оған көркем баға беріліп, жаңа көркемдік ақиқат жасалады. Ал біздің көркемдік мұрат белгілі бір эстетикалық тұжырымды бейнелеу мен орнықтыру құралы болып табылады. Кез-келген көркемдік мұрат дүниетаным мен тығыз байланысты. Сондықтан таным мен көркем мұрат бірін-бірі толықтырғанда ғана стиль туады.

Талқылау

Еліміздің Тәуелсіздігінің ширек уақытында біз мәдениет стилінде, өнердегі стилдерді қалыптастыра алмадық. Тарихи тұрғыдан жаңаша қарау принципі үшін де жаңа көзқарас керек. Тұран өркениетіне деген қызығушылық бізге мирас болып қалды. Бүкіл Тұрандық мәдениеттің басын біріктіру үшін рухани күш қуаты бар қара шаңырақ иесі Қазақ елі бастау керек. Бұндай атау беріп және алғашқы ту ұстаушы да біз боламыз. Ол бүгінгі ұрпақ, азаттық замандастары мен ұрпақтары. Біздің романтизм ол суреткерлердің уақты

түсінуге деген рухтың өзін өзі сипаттауға ұмтылысы болмақ. (1сурет)



1 сурет – Жақыпбек Ә. «Мәңгілік ел». Кенеп, майлы бояу. 400x200 см. 2016.

"Ұлтқа қызмет қылу - мінезден" деп ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан айтқандай бұл жерде өз өзін сөзбен де іспенде көрсете алатын нағыз азаматтық көзқарастары орныққан, белсенді интеллектуал суреткерлер керек. Уақыт ол бізге берілген бақытты ұрпақтың асқын санасының мистикалық күші. Қазіргі өнер үшін жасық, қорқақ білімсіз тобыр керек емес. Оның бастауында Суретшілер одағындағы ұйымдасқан сыбайлас топтан басталып, алға ұмтылмайтын не суретші емес, не өнертанушы емес тоғышар буынмен жалғасып жатқан надан буынның басшылығы мен басқармасы ұйытқы бола алмай тұр. Осындайлардың кесірлерінен үкіметтің идеологиясынан бөлініп саяси экономикалық реформалар тұсындағы ұлттық көркемөнердің қоғамдағы орны шет қалды. Осының өзі өнердің өзін-өзі тану мен дамуына өте кері әсер беріп отыр. Суретшілердің көбі жан тыныштығын ойлап, ақ пен қара бояуды, ажырата алмайтын халге түскен.

Қазіргі өнерге түсінігі шамалы, рухани болмысы мешеу, мінезсіз, тобырлық санаға тірелген суретшілер қаптауда. Осы бір орта деңгей барлық шығармашылық қуатарды семдіріп жайылып барады. Қазақстан суретшілерінде, психикалық мінезінде нарцисизм ауруы белең алған. Тек пленэр мен табиғи көріністер салғандарына мәз. Өнер жігерсіз

кері кеткен дүниеге айналып барады. Өнердегі ойсыздық пен жайбарақаттық, идеалдардың жоғалуы, өнертанушылардың тат басқан саналары мен өнердің болашағын ойлауға деген ниетсіздігі, қазіргі өнердің көркемдігін көзден бал бұл ұшырды. Бұның бәрі өнеріміздің ішкі қайшылықтары.


Қазақстан өнертанушылары замануи өнер мен постмодернистк өнерді анықтауға өрелері жетпей отырғанда біржақты солардың ығына жығылуға болмайды. Рухани електен өтпей орынсыз еліктеу еш өнер емес. Мәдениет біріңғай абстракцияға айналса, не постмодернистік бағытқа кетсе тік құрдымға кетеді.

Суретшілерге түрткі керек. Романтикалық философиялық пайым керек. Уақыт талабы осы. Уақыттың дағдарысынан шығатын тың қорытынды осы. Романтизм арқылы тоғышарларға соққы беруміз керек. Өнерді жаңалау үшін, жаңа формалы, жаңа ырғақты, жаңа сипатты, бірақ ұлттық тарихымызды, ұлы тұлғаларымызды, ұлттық салтымызды жаңа уақытқа лайықтап, жаңа сатыға көрсетуміз керек. Жаңа стилдік проблема алға шықты. Уақыт өте жылдам қозғалуда. Бұл романтизм жаңа көркем философиялық бағдарлама, бұл дүниені түсінудің жаңа идеологиялық қызығушылығы, стилдік сатысы. Романтизм дем беруші рух дамытушы. Ал өнердің постмодернистік ағымдарында еш рух жоқ. Талант оларға дарыған емес. Бір күндік өнерді насихаттаушылар батыста да сол қалпында. Біздің өнертанушылар постмодернизмнің есірік идеясымен әлек. Егерде оны прогрес деп қабылдасақ мәдени мұрамыздан айырыламыз. Модернизация ұлттық дүниетанымның жаңаруға қабілеттілігімен өлшену керек. Еурпаның қайталағаны керек емес, ол жаңалыққа жатпайды.

Үш ғасырға созылған отарлық пен

тоталитарлық қыспаққа түсіп, ұлттық сананы уланған өнерді еркін мінезге тәрбиелеу керек. Ұлтсызданудан арылудың рухани тірегі осы "Тұран романтизмі", ол ұлттық болмыстың, тарихтың көрінісі болу керек.

Өнерді тек шеберлік деп түсіну қате. Тақырып ол рухани болмыс. Үлкен стилде өткен тарихтың ес жадтары сақтала отырып уақтың сахнасына алып шығады. Қазір бізде бос кеңістік қалыптасқан. Біздің міндет осы кеңістікті жаңа идеалдармен толықтыру. Романтизм, жанр тазалығындағы қалыптасқан қағидаларды бұзады. Романтикалық стильдің басты ерекшеліктерінің бірі-қайғылы және күлкілі, әдемі және таңғажайып кереғарлық негізінде керемет комбинацияларды араластыру. Энергиялық күш, белсенді образдар мен идеялардың көрінісі, көркемдіктің ерек күші, күрделі экспрессиялық форма, ішкі динамика, аласапыран бояу. (2-сурет)



2 сурет – Бақтыгерев Ә. «Сарын». 100x120 см. Кенеп, майлы бояу. 2017.

Біз ой санаға төңкеріс жасау үшін, белсенді романтизмді туғып көтереміз.

Уақыттылық процессті қарасақ романтизм жаңа реформалық мәдениеттің ұйымдастырушы формасы болып табылады. Асқын, алапат энергия болмаса бетбұрыс жасалмайды

Біз үшін идеал - шексіз, абсолютті, керемет, мінсіз және жұмбақ, әрі тылсым мистика. Уақыт біздің рухымыздың бейнесіндегі мистикалық көрініс, бұл әлемдік рухтың көрінісі. Осыны сезінудің өзі романтика.

Бірақ бейнелеу өнері нақтылықты жақсы көреді. Түсіндіруге жақындап, рухты сіңіріп көрсетуге талпынады.

Романтизм теоретиктерінің бірі Ф.Шлегель былай жазды: «Әуелі біз тек табиғаттың даңқын асырып дәріптедік, қазір біз идеалдың даңқын асырып дәріптеп жүрміз. Адамдардың өте жиі ұмытатыны, бұл нәрселер өзара тығыз байланысты, өнерде табиғат мінсіз болуы керек, ал идеал табиғи болуы керек» [2]. Адам рухындағы қарама-қарсы ойлардың ұйытқысы ретінде, құштарлықтардан, тілектерден, романтикалық психологизмнің принциптерімен, типтендіру арқылы ғана көре аламыз. «Өнер нақты шындықтың суреті емес, идеалды іздеген шындықтың талабы» - деп Жорж Санд айтқан [2].

Қорытынды

Біз осы идеалдар арқылы Тұран мәдениет стилін бір қырын ғана, ұлттық мәдениеттің «гендік жинағы», танымдық өмір салтының көркемдік мұраты деп ұғына аламыз. «Шын мәнінде қол

өнер түрлерінің әрқайсысының талай ғасырлық тарихы бар. Бұдан біз халық творчествосының қандай түрі болса да, халық өмірімен, сол халықтың қоғамдық тарихымен, күн көрісімен, кәсібімен байланысты екенін көреміз [3, 31 б.]. Сондықтан, "Тұран романтизмі" стилі, сол Тұран мәдениетінің бейнесінен, дәстүрлі құндылықтарының дүниетанымынан, өзіндік көркемдік бейнелеудегі мұраттарынан, басқа көптеген құндылық қырларынан хабар береді.

Кез-келген мәдениет ұлттың күллі рухани, әлеуметтік, эстетикалық құбылыс ретінде, тұтас болмысын осы «танымдық өмір салтының көркемдік мұратын» жоғалтқанда өмір сүруін тоқтатады. Ал заманға сай икемделсе өмір сүруін жалғастырады. Тұран романтизміне бірігетін суретшілер өз мақсаттарына адал, интелектісі жоғары адамдарды ғана біріктіреді. Біз бүгін нағыз рухани соғыстың үстіндеміз. Біздің міндетіміз ата бабалар мирас еткен мұрагерлікті бойымызға сіңіріп жаңа өнердің даңқты жолын бастау.

Уақыт бізден алыстап кетті. Идеал арқылы жақындауымыз керек. Дүниені игерудің, өмір сүру салтының аса маңызды мазмұны да, шын мәнісінде осы эстетикалық мұрат. Ол – абсолютті қажеттілік. ХХІ ғасыр қазақ көркемөнерінің жаңаша бағытта реформаторшыл "Тұран Романтизмі" арқылы пайымдауымыз керек. Еркіндік оның заңы, оның патшалығы рух.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Берістеннов Ж. Стильді анықтаудың философиялық мүмкіндігі // Абай атындағы ҚҰПУ. – 2006. – №2. – Б. 25 – 30.
2. Берковский Н.Я. Романтизм в Германии. – Л.: 1973. – С. 175
3. Берістен Ж., Базарбаева Р., Ерназаров К. Ұсталық өнер - өнердің бастапқы феномені. Central Asian Journal of Art Studies, N2, 2018. – Б. 31.

Беристен Ж.

Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

СТИЛЬ "ТУРАНСКОГО РОМАНТИЗМА" - СВОЕОБРАЗНОЕ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО ИСКУССТВА.

Аннотация

Романтизм в искусстве - один из способов идей национального возрождения и искусства. Использование культурного наследия в модернизации национального искусства является ключевым вопросом в современном обществе и искусстве. Романтические художники - наш духовный и интеллектуальный потенциал. В статье упоминается цель продвижения прогресса и духовного наследия в новой форме.

Ключевые слова: романтизм, туран, форма, национальное искусство, модернизация, искусство, прогресс, интеллект, духовность, ориентация, стиль.

Zh. Beristen

T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts

“TURAN ROMANTICISM” – UNIQUE STYLE OF NATIONAL ART DEVELOPMENT

Abstract

The romanticism in art is one of the ways to revive the ideas of national revival and art. The use of cultural heritage in the modernization of national art is a key issue in modern society and art. Romance artists are our spiritual and intellectual potential. The article mentions the goal of promoting progress and spiritual heritage in a new form.

Key words: Romanticism, Turan, Form, National Art, Modernization, Art, Progress, Intelligence, Spirituality, Orientation, Style.

Автор туралы мәлімет:., - филос.ғ.к., Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, «Сәндік –қолданбалы өнер» кафедрасының профессоры.

e-mail: beristen@mail.ru

Сведения об авторе: Беристен Ж., канд. филос. наук, профессор кафедры «Декоративно-прикладное искусство» Казахской национальной академии искусств имени Т.К. Жургенова.

e-mail: beristen@mail.ru

Author's data: Zh.Beristen, Candidate of Philology, associate professor of the decorative applied arts department at the T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts.

e-mail: beristen@mail.ru